

**"Жәнтікей ауылындағы көшелердің атауын өзгерту туралы" Ырғызбай ауылдық округі әкімінің 13 ақпан 2015 жылғы № 3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ырғызбай ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 10 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 08 қаңтарда № 4317 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-бабына сәйкес Ырғызбай ауылдық округінің әкімі

**ШЕШТІ:**

1. "Жәнтікей ауылындағы көшелердің атауын өзгерту туралы" Ырғызбай ауылдық округі әкімінің 13 ақпан 2015 жылғы № 3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3728 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Жәнтікей ауылындағы атауы жоқ көшелерге атау беру туралы."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ырғызбай ауылдық округінің әкімі*

*А.Иманғалиева*